

## Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 12 шілдедегі N 952 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 14 маусым N 741. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002.05.25. N 569 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Заңды тұлға - салық төлеушінің салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша мемлекет алдындағы берешегіне байланысты салық қызметі органдары билік етуі шектелген мүлікті сату жөнінде мамандандырылған ашық аукцион өткізудің тәртібі мен шарттары туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 12 шілдедегі N 952 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 24, 272-құжат, 1996 ж., N 42, 400-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

аталған қаулымен бекітілген Заңды тұлға - салық төлеушінің салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша мемлекет алдындағы берешегіне байланысты салық қызметі органдары билік етуі шектелген мүлікті сату жөнінде мамандандырылған ашық аукцион өткізудің тәртібі мен шарттары туралы ережеде:

1) 2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Аукцион өткізуді ұйымдастырушы мүдделі салық қызметінің органдары (бұдан әрі - Сатушы) болып табылады. Аукционға Сатушының өкілдері міндетті түрде қатысуы тиіс және салық төлеушінің - билік етуі шектелген мүлік иесінің өкілдері де қатыса алады. Егер аукционның өткізілетін күні, уақыты және орны туралы хабардар етілген салық төлеуші аукционға келмесе, онда саудаластық оның қатысуынсыз өткізіледі. Бұл ретте хабардар ету деп басшыға немесе оның орнындағы адамға қол қойдырып табыс ету немесе салық төлеуші заңды тұлғаның билік етуі шектелген мүлкінің тізімдеме актісінде салық төлеушінің көрсеткен заңды мекен-жайы бойынша арнайы хатпен аукционның өткізілетін күні, уақыты және орны туралы жазбаша хабарламаны жолдау ұғынылады.";

2) 3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. "Кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру және тарату жөніндегі агенттік" ашық акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Мамандандырылған аукционды өткізуші) аукционды өткізуші болып табылады.";

3) мәтіндегі "Сауданы ұйымдастырушы... қабылдайды" "Сауданы ұйымдастырушыға", "Сауданы ұйымдастырушы", "Сауданы ұйымдастырушының", "Сауданы ұйымдастырушы... даярлап", "Сауданы ұйымдастырушылармен", "Сауданы ұйымдастырушы... ұсынады, "Сауданы ұйымдастырушы... береді" деген сөздер тиісінше "Мамандандырылған аукцион өткізуші... қабылдайды", "Мамандандырылған аукцион өткізушіге", "Мамандандырылған аукцион өткізуші" "Мамандандырылған аукцион өткізушінің", "Мамандандырылған аукцион өткізуші... даярлап,", "Мамандандырылған аукцион өткізушілермен", "Мамандандырылған аукцион өткізуші... ұсынады" "Мамандандырылған аукцион өткізуші ... береді" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Салық қызметі органдарының аукционға қоятын билік етуі шектелген мүліктің рыноктағы бағасын белгілеу үшін құрамына Сатушының, Мамандандырылған аукцион өткізушінің өкілдері және аудитор (бағалаушы) кіретін комиссия құрылады. Аудитордың көрсеткен қызметіне ақы төлеу Мамандандырылған аукцион өткізушінің комиссиялық сыйақысы есебінен жүзеге асырылады.

Комиссия салық комитеті төрағасының бұйрығымен құрылады.";

5) 8 - тармақта:

бірінші абзацта:

"тауарлар туралы қажетті құжаттама" деген сөздерден кейін "тіркелуге жататын мүлік бойынша құқық белгілейтін құжаттардың көшірмелерімен" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Мамандандырылған аукцион өткізуші Сатушы тапсырған тізімдеме актісі негізінде аукционға қатысушыларға сатылатын ақпараттық бюллетень жасайды."

екінші абзацтағы "рыноктағы құны" деген сөздерден кейін ",бірақ комиссия белгілегеннен кем емес" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Салық қызметі органдарының билік етуі шектелген мүліктің құрамына кіретін бағалы қағаздарды сатудың тәртібі мен шарттары бағалы қағаздар рыногы туралы заңдармен айқындалады.";

б) 9-тармақта "кемінде 20 күн бұрын" деген сөздер "кемінде 10 күн бұрын" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 10 - тармақта:

үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Сатылатын мүлкінің жалпы құны көрсетіліп, аукционға қойылатын салық

төлеуші - заңды тұлғаның атауы";  
төртінші және жетінші абзацтар алынып тасталсын.

8) 12-тармақ мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Комиссиондық сыйақының мөлшері Сатушы мен Мамандандырылған аукцион өткізушінің арасындағы келісім бойынша айқындалады, ол сатылған мүлік құнының 10%-нен аспауға тиіс."

2. Осы қаулы жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*